

## 2024 жылғы мамыр айына арналған консультативтік ауа райы болжамы.

Консультативтік болжамға сәйкес, мамырдың бірінші онкүндігінде еліміздің басым бөлігінде ауа райының тұрақсыз сипаты күтіледі, жиі жаңбыр жауады, кейде нөсер жаңбыр, кей күндері найзағай, қатты жел және бұршақ жауады. Онкүндіктің басында және ортасында республиканың солтүстігінде, орталығында, шығысында, оңтүстік-шығыс аудандарының таулы және тау бөктерінде түнде қарға ұласатын жаңбыр күтілуде.

Мамырдың бірінші онкүндігінде ауа температурасының ауытқуы күтіледі:

елдің солтүстік-батысында, солтүстігінде, орталығында, шығысында түнде  $-5+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+2+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+5+13^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін;

елдің оңтүстік жартысында - түнде  $-3+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+8+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+13+23^{\circ}\text{C}$ -тан  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін.

елдің батысында түнде  $+8+18^{\circ}\text{C}$ -тан  $-3+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+18+25^{\circ}\text{C}$ -тан  $+8+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін.

Айдың екінші және үшінші онкүндігінде жылы ауа массаларының Иран аудандарынан қарқынды шығарылуымен ауа температурасының біртіндеп жоғарылауы болжануда:

республиканың солтүстігінде, орталығында, шығысында түнде  $+10+18^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+25+35^{\circ}\text{C}$  дейін;

оңтүстік жартысында түнде  $+15+23^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+30+40^{\circ}\text{C}$  ыстыққа дейін.

*Мамыр* айының екінші және үшінші онкүндігінің кей күндерінде атмосфералық фронттардың өтуімен найзағайлы жаңбыр жауады, ыстықтың аздап төмендеуі - солтүстікте, орталық және шығыс аймақтарда күндіз  $+15+25^{\circ}\text{C}$  дейін, оңтүстікте  $+20+28^{\circ}\text{C}$  дейін күтілуде.

*Мамыр* айында орташа айлық ауа температурасы республиканың басым бөлігінде *нормадан 1-2° жоғары*, еліміздің батыс аймақтарында норма шамасында болады деп күтілуде.

*Мамыр* айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде норма шамасында, елдің қиыр батысында нормадан көп, Қазақстанның оңтүстік, орталық өңірлерінде *нормадан аз* болады деп болжануда.